БЕКІТЕМІН:
АБАЙ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ ММ» БАСШЫСЫ
А.НУРАЛДИНОВ

КЕЛІСЕМІН:
АБАЙ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «№38 ЖОББМЛ» КОМУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ДИРЕКТОРЫ
Ж.К.АМАНКУЛОВА

Тілдер айлығы аясында «Тіл- татулық тірегі» атты қалалық оқушылар айтысын өткізу

ЕРЕЖЕСІ

I. Шараның мақсаты мен міндеттері

- Ақындық-сөз өнерінің аса қастерлі саласы,шығармашылық қуат пен шынайы таланттың биік өлшемі, жыр құдіретінің жарқырап көрінер әсемдік әлемі. Айтыс пен поэзиядай бекзат өнеріміз ұлттық құндылықтар қатарында. Негізгі мұрат киелі мұраларымызды кеңінен насихаттап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, талантты жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, қолдау көрсетіп халыққа таныту.
- Алаш қайраткерлері ту еткен ұлттық сананы көтеру, одан туындайтын қазақтың тілі мен тарихын, өнері мен мәдениетін қазақ жастарының бойына сіңіру.

II. «Тіл- татулық тірегі» ақындар айтысының шарттары

- Айтысқа қатысатын оқушы қарсыласпен жауаптаса алатын, тақырыпты талдап, ойын өлеңмен еркін жеткізе алуы қажет.
- Сахна мәдениетіне ерекше мән беріледі. Қатысушы ұлттық киімде және қолында домбыра аспабы болуы керек.
- Ақындар жұбы қазылар алқасының шешімімен жасалады.
- Әрбір жұпқа 15-20 минут уақыт беріледі.
- Екінші айналымға қазылар алқасының шешімен 2 жұп өтеді.
- Сайысқа тек 7-11 сынып оқушылары қатыса алады.
- Айтыскердің сахнада анық түскен фотосы, аты-жөні, мектебі, сыныбы ұйымдастырушыларға алдын-ала жіберілуі қажет.

III. Шараның өту мерзімі, өтетін орны.

1. №38 ЖОББМЛ акт залында 24.09. 2026 ж., сағат 11.00 де басталады.
   Байланыс телефоны: 8 775 862 95 53

2. Ақындар мүшайрасын тамашалауға әр мектептен 3 оқушы, 1 мұғалім қатысу керек.

IV. Ақындарды бағалау

1. Әділқазылар алқасының құрамына, халық ақындары, оқу орындарының ұстаздары, кіреді.
2. Әділқазылар алқасының құрамы 5 адамнан тұрады.
3. Шараға қатысушы ақындардың өнері 10 баллдық жүйемен бағаланады.
4. Қазылар алқасы өлеңнің мазмұнына және оның көрерменге шеберлікпен жеткізілуін басты назарда ұстайды.
5. Ақынның жеке шығармашылық мүмкіндігін толық ашуы,сөздік қорының молдығы есепке алынады.
6. Жырларының тақырыпқа сай болуы.
7. Әділқазылар алқасының шешімі қайта қаралмайды.

V. Марапаттау жүлделері

1. Шараға қатысқан ақындар грамоталармен марапатталады.

«Тіл- татулық тірегі» ақындар айтысы бойынша тағайындалатын орындар

- *Бас жүлде - 1*
- *Бірінші орын - 2*
- *Екінші орын - 2*
- *Үшінші орын- 3*

VI. Іс-шараның ұйымдастырушылары

- ✓ ***Абай облысы білім басқармасы «Семей қаласының білім бөлімі» ММ;***
- ✓ ***«№38 ЖОББМЛ» КММ;***

Аты-жөні	Мектебі	Сыныбы	Жетекшісінің аты-жөні	Байланыс нөмері